

**"Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру, оның іске асырылу мониторингі және нәтижелерін бағалау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы № 18 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2024 жылғы 26 сәуірдегі № 169-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 30 сәуірде № 34317 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру, оның іске асырылу мониторингі және нәтижелерін бағалау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы № 18 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17315 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру, оның іске асырылу мониторингі және нәтижелерін бағалау қағидаларында:

9-тармақта:

4) тармақшаның бірінші бөлігіне орыс тілінде өзгеріс енгізіледі, мемлекеттік тілде мәтін өзгермейді;

4) тармақшаның екінші бөлігінің төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"құжаттаманы зерделеу – жобаның іске асырылуы туралы нақты және жан-жақты ақпарат алу және жоба бойынша ақпарат беруші ұсынатын ақпараттың дұрыстығын белгілеу мақсатында ұсынылатын ақпаратты, есептерді, растайтын құжаттарды талдау;"

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру, оның іске асырылу мониторингі және нәтижелерін бағалау қағидаларына 3-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру, оның іске асырылу мониторингі және нәтижелерін бағалау қағидаларына 9-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және ақпарат министрі*

*А. Балаева*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Стратегиялық жоспарлау және  
реформалар агенттігінің

Ұлттық статистика бюросы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Экология және табиғи  
ресурстар министрлігі

Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және ақпарат  
министрі  
2024 жылғы 26 сәуірдегі  
№ 169-НҚ Бұйрыққа  
1-қосымша  
Мемлекеттік әлеуметтік  
тапсырысты қалыптастыру,  
оның іске асырылу мониторингі  
және нәтижелерін бағалау  
қағидаларына  
3-қосымша  
Нысан

**Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігіне**

Әкімшілік деректердің нысаны интернет-ресурста орналастырылған: <https://www.gov.kz/memleket/entities/akk?lang=kk>

Әкімшілік дереккөздер нысанының атауы: Жария талқылаудан кейін 20\_\_ жылы іске асырылуы жоспарланып отырған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың

әлеуметтік жобалары және (немесе) әлеуметтік бағдарламалары туралы Ақпарат

Әкімшілік дереккөздер нысанының индексі (нысан атауының әріптік-сандық қысқаша көрінісі): МӘТМ-3

Кезеңділік: жыл сайын

Есепті кезең: 20\_\_ жыл

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыратын мемлекеттік органдар

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: жыл сайын 5 қаңтардан кешіктірмей

№	Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің атауы	Жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның атауы	Жоспарланған сома (мың теңге)	Жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның қысқаша мазмұны
1	2	3	4	5
1-сала. Білім беру, ғылым, ақпарат, дене шынықтыру және спорт саласындағы мақсаттарға қол жеткізу				
1				
2				
Жиынында				
2-сала. Азаматтардың денсаулығын сақтау, салауатты өмір салтын насихаттау				
1				
2				
Жиынында				
3-сала. Қоршаған ортаны қорғау				
1				
2				
Жиынында				
4-сала. Жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау				
1				
2				
Жиынында				
5-сала. Отбасылық-демографиялық және гендерлік мәселелерді шешуге жәрдемдесу				
1				
2				
Жиынында				
6-сала. Халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарын қолдау				
1				
2				
Жиынында				
7-сала. Жетім балаларға, толық емес және көп балалы отбасылардағы балаларға көмек көрсету				

1				
2				
Жиынында				
8-сала. Халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге жәрдемдесу				
1				
2				
Жиынында				
9-сала. Азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау				
1				
2				
Жиынында				
10-сала. Мәдениет пен өнерді дамыту				
1				
2				
Жиынында				
11-сала. Тарихи-мәдени мұраны қорғау				
1				
2				
Жиынында				
12-сала. Қоғамдық келісімді және жалпыұлттық бірлікті нығайту				
1				
2				
Жиынында				
13-сала. Өздерінің есебінде тұратын адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету кезінде пробация қызметіне жәрдемдесу				
1				
2				
Жиынында				
14-сала. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қоғамдық мониторинг жүргізу				
1				
2				
Жиынында				
15-сала. Азаматтық қоғамды дамытуға, оның ішінде үкіметтік емес ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыруға жәрдемдесу				
1				
2				
Жиынында				
16-сала. Волонтерлік бастамаларды дамыту және қолдау				
1				
2				
Жиынында				
17-сала. Өмірлік қиын жағдайда жүрген адамға (отбасына) көмек көрсету				

1				
2				
Жиынында				
18-сала. Жануарларға жауапты қарауды қалыптастыру, оның ішінде жануарларға арналған панажайларды қолдау				
1				
2				
Жиынында				
19-сала. Қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту				
1				
2				
Жиынында				
20-сала. Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әлеуметтік маңызы бар салалар бойынша				
1				
2				
Жиынында				

Типтік мекенжай бөлігі

Атауы \_\_\_\_\_ Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық почта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

\_\_\_\_\_ тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

Мөрдiң орны (жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғалардан қоспағанда)

\_\_\_\_\_

"Жария талқылаудан кейін  
20\_\_ жылы іске асырылуы  
жоспарланып отырған  
мемлекеттік әлеуметтік  
тапсырыстың әлеуметтік  
жобалары және (немесе)  
әлеуметтік бағдарламалары  
туралы ақпарат" әкімшілік  
деректерді жинауға  
арналған нысанға  
қосымша

**Әкімшілік деректер нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме "Жария талқылаудан кейін 20\_\_ жылы іске асырылуы жоспарланып отырған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың әлеуметтік жобалары және (немесе) әлеуметтік бағдарламалары туралы Ақпарат"**

## 1. Жалпы ережелер

1. "Жария талқылаудан кейін 20\_\_ жылы іске асырылуы жоспарланып отырған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың әлеуметтік жобалары және (немесе) әлеуметтік бағдарламалары туралы Ақпарат" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігіне жыл сайын 5 қаңтардан кешіктірмей береді.

2. Аталған Нысанды жүргізудің негізгі міндеті мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде іске асырылуға жоспарланған әлеуметтік жобалар және (немесе) әлеуметтік бағдарламалар туралы ақпаратты уәкілетті органға жеткізу болып табылады.

3. Нысанға бірінші басшы қол қояды, ал ол болмаған кезде оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

## 2. Нысанды толтыру жөнінде түсіндірме

4. Нысанның 2-бағанында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың салалары бойынша бюджеттік бағдарлама әкімшісінің атауы көрсетіледі.

5. Нысанның 3-бағанында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде іске асырылуға жоспарланған әлеуметтік жобалардың және (немесе) әлеуметтік бағдарламалардың атауы көрсетіледі.

6. Нысанның 4-бағанында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде әлеуметтік жобалардың және (немесе) әлеуметтік бағдарламалардың жоспарланған сомасы көрсетіледі.

7. Нысанның 5-бағанында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде іске асырылуға жоспарланған әлеуметтік жобалардың және (немесе) әлеуметтік бағдарламалардың қысқаша мазмұны көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және ақпарат  
министрі  
2024 жылғы 26 сәуірдегі  
№ 169-НҚ Бұйрыққа  
2-қосымша  
Мемлекеттік әлеуметтік  
тапсырысты қалыптастыру,  
оның іске асырылу мониторингі  
және нәтижелерін бағалау  
қағидаларына  
9-қосымша  
Әкімшілік деректерді  
жинауға арналған нысан

**Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігіне**

Әкімшілік деректердің нысаны интернет - ресурста орналастырылған: <https://www.gov.kz/memleket/entities/akk?lang=kk>









Жиынында																				
18-сала. Жануарларға жауапты қарауды қалыптастыру, оның ішінде жануарларға арналған панажайларды қолдау																				
1																				
2																				
Жиынында																				
19-сала. Қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту																				
1																				
2																				
Жиынында																				
20-сала. Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әлеуметтік маңызы бар салалар бойынша																				
1																				
2																				
Жиынында																				

Типтік мекенжай бөлігі

Атауы \_\_\_\_\_ Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық почта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

\_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

Мөрдiң орны (жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғалардан қоспағанда)

\_\_\_\_\_

"20\_\_ жылға арналған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде іске асырылатын және (немесе) іске асырылған әлеуметтік жобалардың және (немесе) әлеуметтік бағдарламалардың мониторингі бойынша есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанға қосымша

**"Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде іске асырылатын және (немесе) іске асырылған әлеуметтік жобалар және (немесе) әлеуметтік бағдарламалар мониторингі жөніндегі есеп" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме**

## **1. Жалпы ережелер**

1. "Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде іске асырылатын және (немесе) іске асырылған әлеуметтік жобалар және (немесе) әлеуметтік бағдарламалар мониторингі жөніндегі есеп" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігіне жылына екі рет 5 шілдеге дейін (қоса алғанда) және 5 желтоқсанға дейін (қоса алғанда) береді.

2. Аталған Нысанды жүргізудің негізгі міндеті мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде іске асырылатын және (немесе) іске асырылған әлеуметтік жобалардың және (немесе) әлеуметтік бағдарламалардың мониторингін жүзеге асыру болып табылады.

3. Нысанға бірінші басшы қол қояды, ал ол болмаған кезде оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

## **2. Нысанды толтыру жөнінде түсіндірме**

4. Нысанның 2-бағанында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың салалары бойынша бюджеттік бағдарлама әкімшісінің атауы көрсетіледі.

5. Нысанның 3-бағанында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде іске асырылатын және (немесе) іске асырылған әлеуметтік жобалардың және (немесе) әлеуметтік бағдарламалардың атауы көрсетіледі.

6. Нысанның 4-бағанында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде әлеуметтік жобалардың және (немесе) әлеуметтік бағдарламалардың жоспарланған сомасы көрсетіледі.

7. Нысанның 5-бағанында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде әлеуметтік жобалардың және (немесе) әлеуметтік бағдарламалардың шарттық сомасы көрсетіледі.

8. Нысанның 6-бағанында өнім берушінің атауы көрсетіледі.

9. Нысанның 7-бағанында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде әлеуметтік жобаларды және (немесе) әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру процесі мен нәтижелері көрсетіледі, сондай-ақ жылдың қорытындысы бойынша есепті 5 ақпанға дейін берген кезде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде әлеуметтік жобалардың және (немесе) әлеуметтік бағдарламалардың оң әсері көрсетіледі.

10. \*Нысанның 8-бағаны жылдың қорытындысы бойынша есепті 5 ақпанға дейін берген кезде толтырылады және жобаның нәтижелерін бағалау қорытындысы бойынша балдар көрсетіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК